

АСТАНА КҮНІ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



№58
(2229)
Сенбі
6 шілде
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



ТУРПАҢ- ҚАЗАЛЫ

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЛАРЫ

Құрметті жерлестер!
Сіздерді еліміздің бас қаласы – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!
С а р ы а р қ а төсіндегі бүгінгі астанамыз – тәуелсіздіктің төл тарихы, ұлттың ұйытқысы, құт қонған мерейлі мекен!



Өткен ширек ғасырдан астам уақытта бас қаламыз әлемдегі ең озық, қарыштап дамыған шаһарлар қатарына қосылды. Сәулет өнерінің озық үлгілері бой көтерген, әлемдік деңгейдегі экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік маңызы бар үлкен шаралар өткізілетін қала болып қалыптасты. Бүгінде еліміздегі қалалар мен аудан орталықтары, ауылдар Астанаға қарап бой түзеп келеді.

Әрине, бас қаламыз Астананың бұлай өсіп-өркендеуі мен гүлденуіне сырбойылықтардың оның ішінде қазалылықтардың да қосқан үлесі зор деп білемін.

Ардақты ағайын!

Баршаңызды бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, елімізге тыныштық, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Еліміздің болашағы жарқын, келешегі кемел болсын! Елордамыздың еңсесі бүгінгіден де биіктеп, жарқырап-жайнай берсін!

Мереке құтты болсын!

Қадірлі жерлестер!

Сіздерді Ұлттық Домбыра күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Домбыра күні – бұл біздің ұлттық құндылықтарымызды ардақтау, терең тамырымызға ой салу, рухани жаңғыруымызға қомақты үлес қосатын ерекше мереке.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Шын мәнінде, қазақтың қара домбырасы – ұлтымыздың бойтұмары. Оның үні



НАҒЫЗ ҚАЗАҚ –
ДОМБЫРА

әрқайсымыздың жүрегімізге жақын. Өйткені, қазақ пен домбыра – бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын егіз ұғым. Қастерлі аспаптың қос ішегіне халқымыздың бүкіл болмысы сыйып тұр» деп ерекше мерекенің маңызын ашып көрсеткен болатын.

Бүгінде Ұлттық домбыра күні ел болып атап ететін ерекше мерекенің біріне айналып келеді. Себебі бұл мерекеде ұлттық дәстүріміз дәріптеліп, жас ұрпақ үшін төл өнеріміз бен асыл құндылықтарымыз насихатталады.

Құрметті ағайын!

Ұлттық құндылықтарымыздың ұлық нышаны — Домбыраның дүбірі әрқашан рухымызды көтеріп, елдігімізді еңселе ете берсін! Халқымыздың қасиетті ұлттық аспабы – Домбыра төрімізден түспесін!

Ұлттық домбыра күні баршаңызға құтты болсын!

Ізгі ниетпен,

Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет

СЕНАТ ДЕПУТАТТАРЫ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ



Қ а з а қ с т а н Республикасының Парламенті Сенатының депутаттары: Геннадий Шиповских пен Алишер Сатывалдиев Қазалы ауданына жұмыс сапарымен келді. Сенат депутаттары аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбетпен бірге ауданда құрылысы жүргізіліп жатқан бірқатар әлеуметтік нысандардың жай-күйімен танысты. Сондай-ақ тұрғындармен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Халық қалаулылары алдымен Әйтеке би кентінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін салынып жатқан 154 пәтерлі 77 үйдің құрылыс жұмыстарын көрді. Бүгінгі таңда тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Айта кетейік, былтыр 50 отбасыға жаңа баспананың кілті табысталған болатын.

Сенат депутаттары мұнан соң Абай аулында жүргізіліп жатқан орамшілік газ желісі құрылысы мен

былтыр ғана пайдалануға берілген жаңа амбулаторияны аралап көрді.

Бүгінгі таңда газ құрылысы жұмыстарының 85% толығымен атқарылды. Жуық арада абайлықтар көгілдір отынның иігілігін көркем.

Сонымен қатар, депутаттар Жанқожа батыр аулындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынып жатқан 300 орындық мектеп құрылысымен танысты. Бүгінде білім ордасының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Мектептің екі қабатының кірпішін өру жұмыстары толық аяқталып, электр желілерін жүргізу, қабырғаларын сылау жұмыстары жалғасуда.

Айта кетейік, халық қалаулылары жұмыс сапары барысында Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы музейдің жұмысымен танысты.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

ҚОС МЕРЕКЕ ТОЙЛАНДЫ

Домбыра — қазақтың киесі, қазынасы. Елімізде шілденің бірінші жексенбісі болып жарияланған Ұлттық домбыра күні биыл елордамыз Астана күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Ұлттық домбыра күні 2018 жылдан бастап елімізде дәстүрлі түрде тойланып келе жатқан ерекше мереке.

Әйтеке би кентінде елордамыз Астана қаласының туған күні мен Ұлттық домбыра күніне арналған «Астана елімнің тірегі, Домбыра ұлтымның жүрегі» атты мерекелік шара өтті.

Оқушылар үйінің алаңында өткен шараға аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет қатысып, барша жұртшылықты қос мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Мерекелік шарада қала, кент, ауылдық округтері өнерпаздарының еңбегі еленіп, «Алғыс хаттармен» марапатталды.

Салтанатты мерекеде кент тұрғындары мен қонақтарына аудандық мәдениет үйінің және ауылдық округтердің өнерпаздары әннен шашу шашты.

**Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»**

АСТАНА – БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ



Әр халықтың еңселі ордасы – Астанасы болатыны тарихтан мәлім. Біз өмір сүріп жатқалы екі Астананың куәсі болып отырмыз. Алғашқысы – Алматы қаласы. Сол қалада білім алған соң жанымызға жақын екені рас.

1997 жылы мемлекет басшысының Жарлығымен ел астанасы еліміздің солтүстігіне Ақмола қаласына көшірілді. Бұны батыл бастама деп шашбауын көтергендер аз болған жоқ. Кейін Ақмола қаласының атауы - Астана болып өзгерді. Өткен жылдар белесіне көз жүгіртсек солтүстіктегі жайсыз климат жағдайында Астананы еңселі ел ордасына, қанатын кеңге

жайған, келбетті, көркем қалаға айналдыруда қиялға бергісіз жұмыстар атқарылып, ажары әрлене, айқындала түсті.

Бүгін Астана қаласына 26 жыл толып отыр. Бұл Қазақстан Республикасы Астанасының мерей тойы, атаулы мерекесі. Осы жылдар ішінде Астана қаласының халқы үш еседен астам өсіп, 1,5 млн адамға жуықтады. Халқының саны жағынан Алматы қаласынан кейінгі орында.

Астана бүгінде әлемдегі әсем шаһарлардың бірі. Соңғы үлгідегі биік, көп қабатты әсем ғимараттар жыл санап көбейе түсуде. Әлемдік үлгідегі

бейнелі құрылыс объектілері, ансамбльдері осында бой көтеруде. Қала құрылысының ғажайып архитектурасын осы қаладан аңғаруға болады. Сондықтан Астанаға келген қонақтар таңданысын жасырмай пікірлерін әрдайым сүйіспеншілікпен білдіріп жүр.

Елдің тәуелсіздігін нығайту, халықтың әл-аухатын жақсарту, экономиканы ілгерілету, еліміздің әлеуетін арттыру, ел

тыныштығы мен халықтың денсаулығын, заңдылықты сақтау, адамдардың білім деңгейін көтеру, тағы басқа да ел тағдырын шешу бағытындағы мазмұнды мәселелер Астанадан тарап жатады. Сондықтан да барша халық Астанадан тарайтын пәтуалы лебіздерге құлақ түреді. Жақсылыққа толы хабарлар күтеді. Астана – халық үміті саналатыны да сондықтан.

Бүгін – Астана қаласының төл мерекесі. Астана – біздің мақтанышымыз, мемлекет символы.

Мереке құтты болсын, ағайын!

Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
«Тұран-Қазалы»

АСТАНА КҮНІ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Қазіргі таңда көркейіп келе жатқан әлемдегі ең жас астаналардың бірі – Астана қаласы. Ол жылдан – жылға өркен жайып, өнеркәсіп пен мәдениеті қатар дамыған қалаға айналды. Жас болса да көркіне көз тоярлықтай бұл қалаға әлемнің алпауыт мемлекеттері қызыға да қызғана қарайтын дәрежеге жетті. Оған бір себеп еліміздің экономикасының қарыштап дамуында. Қазіргі уақытта елордамыз Астана әлем бойынша ауқымды шаралардың өткізілетін орталығына айналды десек артық айтқанымыз емес.

1998 жылдың 6 шілдесінен бастап тойланатын Астана күні мерекесі елордалықтардың көңілдеріне қуаныш сыйлап келе жатқанына биыл 26 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында көптеген зәулім ғимараттар мен тарихи ескерткіштер салынып, біршама өзгерістер орын алды. Айта кетейік, елордамыздағы «Ханшатыр» ойын-сауық орталығы шатыр формасындағы ең үлкен ғимарат ретінде саналып, қазіргі таңда Гиннестер кітабына енген. Астанамыздың сан мәрте атауы өзгергенімен бұл мерекені жыл сайын атап өту дәстүрге айналды. Бұл күні елордамыздың түкпір – түкпірінде көптеген көңілді шаралар, халықаралық көрмелер, фестивальдар, концерттік бағдарламалар өтіп, жұртшылықты бір уақыт көңілді күйге бөлейді. Есіл өзенінің жағалауында орналасқан Астана қаласында қазіргі кезде 1 млн-нан аса тұрғын өмір сүріп жатыр.

Астана болашақ жастардың қаласы. Еңсесі биік елордамыздың әрқашан тұғыры берік болсын!

Астана күні мерекесі құтты болсын!

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

АСТАНАДАҒЫ БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ

Биыл Елордамыз Астанаға – 26 жыл.

Еліміздің бас қаласы жылдан жылға жаңарып, сәулеті келіскен ғимараттар бой көтеріп, еліміздің экономикасы мен мәдениеті, білімі мен ғылымы өсіп-өркендеуде.

Мен 1998 жылдың маусым айында Елордамыздың тұсаукесеріне қатысқан көп студенттің бірі едім. Ол кезде Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік Университетінің бірінші курс студенті едім. Астана қаласында көп болдым. Сондықтан күн сайын жаңарған, жасарған, қарыштап дамып жатқан бас қала толық көз алдымда.

Астананың туған күнінде қаладағы ботаникалық бақ туралы айтқым келеді.

Ботаникалық бақ Астана қаласында 2018 жылы ашылды. Жалпы ауданы 89,1 гектар, оның 46,3 гектары ерекше қорғалатын табиғи аумақта, 42,8 гектары саябақта. Ботаникалық бақтың ішіндегі жылыжай кешені маған

ерекше ұнады. Жылыжай 1400 шаршы метрді құрайды, ал биіктігі – 13 метр. Ботаникалық бақ жаңа технологиялармен автоматтандырылған. Оның ішінде 269 түрлі, 102 сортты, 197 түрге жататын 58 тұқымдастың гидридті пішіні мен сорттарын құрайтын өсімдіктер өсірілген. Құтты Африка, Голландия мадерсің. Өйткені мені Испания, Германия, Голландиядан әкелінген тропикалық өсімдіктер каучук фикусы, вагингония, араукария, ананас, кумкват, апельсин, кофе ағашы, папайя, суккуленттер - эхинокактус, агава, маммиллярия, красулла, опунция, алоэ, гастерия және тағы басқалар таң қалдырды. Сонымен қатар мұнда дәрілік өсімдіктер де өсірілуде. Жылыжайда гербарий, өсімдіктер қорлары, өсімдіктер биотехнологиясы және молекулалық биология, сәндік және ағаш өсімдіктері, тропикалық және субтропиктік, палеоботаника зертханалары мен тұқым банкі бар. Мұның барлығын жаратылыстану, био-

логия, химия, география пәндерін жақсы оқитын оқушыларға жиі көрсетсе, оқушыларды аталған пәндер бойынша ғылыми жұмыстарға тартса, елімізде мықты білікті кадрлар шығар еді.

Ашылғанына көп бола қоймаса да нағыз демалыс орнына айналған мекенде халықтың қарасы қалың. Бірі ала таңнан жүгірумен айналысса, бірі гимнастика жасап, ал бірі көлдің жағасында табиғатпен тыныстап жүр. Жаяу жүргіншілер, велосипед, жүгіруге арналған жолдар әртүрлі жолақтармен боялып тұр.

Ал ботаникалық бақтағы көлге таңғы уақытта түрлі құстар ұшып келіп, музыка ырғағымен билеген аққуларды көргенде табиғаттың тылсымына еріксіз таң қаласыз. Ботаникалық бақастаналықтар үшін жазда да, қыста да демалуға таптырмас демалыс



орны.

Ботаникалық бақтағы әрбір өсімдік пен құстарды қорғау – адамзатқа парыз. Табиғаттың тамашасына бірге тамсанып, табиғатымызды аялайық!

Туған күніңмен, Астанам!

Жайнай бер, жасай бер Астанам!

Шәрбану ТОЛЫБАЙҚЫЗЫ,
Қазалы қаласы

АСТАНА – АРУ ҚАЛА

Бүгін – Астана күні! Қазақ даласының төріндегі Астананың елорда атанғанына биыл ширек ғасырдан асып барады. Бұл қат – қабат тарих қойнауында қас – қағым сәт секілді көрінетін болар. Ал Тәуелсіз еліміздің дамуында ерекше маңызды мәнге ие кезең ретінде бағаланады.

Бүгінде Астана тың идеялар тоғысқан, сәулеті мен дәулеті келіскен, жастық пен сұлулықтың символы

атанған шырайлы шаһарға айналып отыр. Еуразияның жүрегінде орналасқан бас қаламыз – еліміздің жаңа парағы, тәуелсіздіктің толғауы, азаттықтың айшығы. Қысқа уақытта елордамыз әлемнің алдыңғы қатарлы астаналарының қатарына қосылды. Азаттықтың шұғылалы шуағына шомылған Алаш жұрты үшін Астана береке мен бірліктің бастауына айналды. Мемлекет басшы-

сы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданың дамуына, мәні мен маңызының артуына ерекше көңіл бөліп келеді. Сонымен қатар, Астананы бірлік пен берекенің бесігі деуге толық негіз бар.

Астана – болашағы зор қала. Арқаның ғана емес, Алаштың төріндегі осы бір шырайлы шаһардың аты асқақ, заты асыл. Өйткені, ол ата – бабамыздың аңсаған арманы мен тұғырлы тәуелсіздігіміздің

төл жемісі. Осынау мереке қарсаңында аудан кітапханаларында түрлі тақырыптарда танымдық – тағылымдық, мерекелік шаралар, кітап көрмелері ұйымдастырылып оқырмандар назарына ұсынылды.

З.МҰСТАФАЕВА,
Аудандық орталық кітапхананың әдістеме – библиографиялық бөлімінің меңгерушісі

АДАМДЫҚ БОЛМЫСЫН АЛАСАРТПАҒАН АЗАМАТ

Аманкелді аға Қазалы ауданының «Бірлік» ауылдық кеңесінде 1943 жылдың 4 ақпанында дүние есігін ашқан. Әкем Есет пен анам Жібектің үшінші перзенті. Олар жаңа туған сәбиге майдандағы тұңғышы Нағидың елге аман-есен келуін тілеп, Аманкелді есімін берген.

Десек те пенденің айтқаны айна-қатесіз орындала бере ме? Аманкелді бір жасқа толған шақта Ленинградтың соғыс даласындағы Нағидан «қара қағаз» келеді. Тосын хабар ата-анамды есеңгіретіп тастайды.

Нағидан бір жас кіші Рақи мен бесіктегі Аманкелдіні сүйеніш тұтқан ата-анам алдағы күндерге үміт артады. Отан үшін шейіт кеткен аяулы ағасының ізбасарына баланған Аманкелдіаға елгезектігі, талап-талпынысының молдығымен ерекшеленеді. «Бірлік» елді мекеніндегі №102 жетіжылдық білім шаңырағын аяқтағасын, Қожабақы аулындағы №25 мектептен орта білімі туралы аттестатын алады.

Білімге құштар Аманкелді ағамыз 1960 жылы Қарақалпақстан мемлекеттік университетінің физика-математика факультетінің сырттай бөліміне оқуға түседі. Абай аулындағы №90 орта мектепте математика пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастайды. Кейін «Кәукей» аулындағы №189 орта мектебіне ауысып, жаңа ұжымдастармен қауышады. Бөстекі сөзге әуестігі жоқ, ісіне мығым ағамыз қалаған кәсібін жете меңгеруге талпынып, ата-ана және оқушылармен тығыз байланысын нығайтады. Нәтижесінде жетістіктерге жетіп, мақтаулы ұстаздар тобына ілігеді.

Білім бөлімі басшылығының ұсынысына сәйкес А.Есетов 1967-1969 жылдары «Бірлік» аулындағы №102, 1973-1976 жылдары Абай аулындағы №90 орта мектебінде директорлық қызмет атқарады. 1976-1985 жылдары өзі түлеп ұшқан №25 білім ордасының басшылық тізгінін ұстады. Осындағы өткен тоғыз жыл Алекеңнің өсу, өрлеу кезеңіне айналған. Ұстаздар қауымын уыздай ұйытқан басшы озық әдіс, тың жаңалықтар әкелуге күш салады. Оқу ісі және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Сәбит Жалғасбаев, Жәниет Жәдиевпен ақылдасып, оқу мен тәрбие жұмыстарына жүйелі жоспарлар енгізіледі. Білікті де

сауатты мұғалімдер: Нұғыман Әбдіразақов, Айнаш Байманова, Есіркеп Әбдірниязов, Балжан Нұрпейісова, Жәнділда Сүндетов, Досбол Байназаровтардың толымды тәжірибесі жас педагогтарға үлгі етіледі.

Тынымсыз ізденістің арқасында мектепте өнегелі істер өріс алды. Білім ордасында көптеген пәндік кабинеттер жаңадан жабдықталды. Шәкірттер арасындағы өткізілетін рухани-танымдық, спорттық шаралар мазмұны дамытылды. Оқушылар арасында аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалар мен байқауларға қатысатындар саны артты. Сол жылдары мектеп бітірген Дархан Бекжанов, Нұрболат Бекетаев, Шамшагүл Бекжанова, Әмірхан Қосбармаков сынды түлектер «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иемденген. Бүгіндері олардың барлығы да қалаған мамандықтарының көсегесін көгертіп, ел дәулетін еселеп арттыруға сүбелі үлестерін қосуда.

Мектеп басқарып, абыройға бөленген Аманкелді аға алты рет ауылдық кеңестің, екі мәрте аудандық кеңестің депутаттығына сайланды. Бүкілодақтық академик Вавилов атындағы медальді кеудесіне тақты. «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Білім жүйесіндегі директорлық қызметте ысылған, көппен араласудың мән-маңызын меңгерген азамат жоғарғы басшылықтың қалауымен, 1985-1994 жылдары «Аранды» ауылдық кеңесінің төрағасы, бертінде ауылдық округ әкімі лауазымына тағайындалды. Тәуелсіздікке бет алған өлара мезгілде ауыл әкімдерінің басына біраз ауыртпашылық түскен. Себебі, шаруашылықтар тарап, отбасын асыраушы еңбеккерлер жұмыссыз қалды. Жалақы мен зейнетақы уақытылы берілмеді. Тұрғындардың күнделікті тұтынатын азық-түлігі жетіспей, халықтың әлеуметтік әлеуеті төмендеп кеткен.

Көппен көрген-ұлы той. Бойында қазақы көнбістік қасиеттің ұштығы қалыптасқан арандылықтар жалпыға ортақ қиындыққа төзімділікпен қарады. Ауыл әкімі де босқа қарап қалмады. Күнкөрісі төмен отбасылардың тізімін

нақтылап, тиісті орындар арқылы көмек бергізу жағы қарастырылған. Шаруа қожалықтары төрағаларымен келісіліп, «Нардың құмы», «Ақшүңгіл» учаскелерінен сүдігер жыртылып, арық тартылып, егіс алқабы дайындалды. Белгіленген аумақ адамдарға теңдей бөлініп, бақша, көкөніс дақылдарын егуге мүмкіндік туғызылған. Сондай-ақ, мал асыраушыларға да жағдай жасалынған. Ауылдан сиыр бағатын бақташы әзірленіп, жайлымдық алқаптар көлемін ұлғайтуға назар аударылған. Соның арқасында ауылдағылардың тірлігі біршама жандана түскен.

Аманкелді Есетұлы 1989-1994 жылдары №16 «Аранды» ауылдық сайлау округінен облыстық кеңестің депутаттығына сайланды. Сайлаушылар сенімін арқалаған халық қалаулысы қатарынан табылу – мәртебелі жауапкершілік. Осы жәйтті жан-тәнімен ұғынған Алекең жүктелген міндетті мінсіз атқаруға барынша құлшынды.

Арды ойлаған азбайды. Жалықпай ізденіп, жауапты орындарды жағалай жүріп, ауылдық аурухана жанынан қосымша ғимарат салдырудың мүмкіндігін табады. Ауыл орталығындағы балалар бақшасының, «Аранды» елді мекеніндегі №97 мектептің сыртын силикат кірпішпен қаптатып, жеңіл жөндеу жүргізілуіне қол жеткізген. Сонымен қатар №25 орта мектебінің жаңа жобадағы екі қабатты ғимаратының іргетасы қаланып, бітуіне әл-қадірінше ықпалын тигізген.

Еңбекқор жан 1994-1995 жылдары «Өркендеу» шаруа қожалығына төрағалық етіп, күріш, мал өсірумен айналысқан. 1996 жылдан зейнеткерлік демалысына шыққанша №25 орта мектеп директорының қосымша білім беру жөніндегі орынбасарлығын атқарған.

Ол қандай ортада болса да адамдық болмысын берік сақтаудан танбады. Салмақты, әр нәрсені байыппен шешетін ұстамды қылығымен баурап, абырой биігін аласартпады. Үлкенді аға тұтып, ізбасар інілерінен ақыл-кеңесін аямады. Елдің ынтымағын нығайтуға атсалысып, ұлттық салт-дәстүрімізді қастерлеуді естен шығармады. Ардақты аза-



мат 2010 жылдың шілде айында өмірден озды.

Алекеңнің құдай қосқан қосағы Құрманкүл Нысанқуатқызы да өскелең ұрпақ тәрбиесі жолында тер төккен ұлағатты ұстаз, Батыр ана. Татулығы жарасқан ерлі-зайыптылар отбасында 9 бала тәрбиелеген. Қара шаңырақтан қанаттанған Гүлзира, Мәдина, Эльмира, Жанар, Дәмегүл, Лаура, Гүлзат, Сұңқар, Сұңғат есімді қыздары мен ұлдары мұғалім, экономист, есепші, әлеуметтік қызметкер, дәрігер, заңгер, полиция мамандығын меңгерген. Ұрпақтарының қызығына бөленген Құрманкүл жеңгем бүгіндері мемлекеттік қызметкер, кенже ұлы Сұңғат пен келіні педагог Әлияның қамқорлығына бөленген. Екеуінен сүйкімді төрт немере сүйген, бақытты әжелер қатарында.

Ағамыз нендей шаруаның басынан ұстаса да ынта-ықыласын салып, ыждағатты бітіретін. Айналасындағыларға кішіпейілдік танытып, қолдан келгенінше көмегін көрсетуге ұмтылатын. Ағайын-туыспен аралас-құраластығы өзгеше болатын. Жақсылығына қуанып, жамандығына құлазып отыратын. Арамызда есен-сау болғанда биыл 81 жасқа жетіп, ақсақалдық ақылын айтар еді. Алайда ондай күн бұйырмады. Балалары әкелеріне ас беріп, рухына құран бағыштағалы жатыр. Алла ниеттерін қабыл етсін!,- дейміз.

Аманбай ЕСЕТОВ,
ардагер ұстаз,
Әйтеке би кенті

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН БІРІГІП КҮРЕСЕЙІК!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп - өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі - сыбайлас жемқорлықпен күресу болып табылады.

Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстан Республикасы азаматтарының борышы және адамгершілік міндеті.

Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол - сыбайлас жемқорлық.

Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты жеткізу - олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбай-



лас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат - қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерге жол бермейді.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық - бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне әсер ететіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл

кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

Сондықтан кез - келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауір төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр.

Бүгінгі таңда, «Өркендеу» ауылдық округі әкімінің аппараты коммуналдық

мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жөнінде құқықтық оқытулар өткізіліп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу тақырыбында мақалалар жарияланды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде (facebook,) мақалалар үнемі жарияланып отыр.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау қадағаланып, барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралады. Мемлекеттік қызметтер «elicense.kz», «e-otinish» веб порталы арқылы электрондық түрде қабылданып, заң шеңберінде қаралып жауап беріледі.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің басты міндетіміз.

Қожахмет ҚУАНҒАЛИ,
«Өркендеу» ауылдық округінің әкімі

КӨШЕГЕ АТАУ БЕРУ ТУРАЛЫ

ЖОБА

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Әйтеке би кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі Промзона көшесіне Томирис есімі берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би кенті әкімінің
міндетін қоса атқарушы

М.Бисенбаев

О ПРИСВОЕНИИ НАИМЕНОВАНИЯ УЛИЦЕ

ПРОЕКТ

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве в Республике Казахстан» и заключением областной ономастической комиссии от 23 декабря 2022 года аким поселка Айтеке би Казалинского района РЕШИЛ:

1. Присвоить имя Томирис улице Промзона в поселке Айтеке би Казалинского района.
2. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.
3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

И.о акима поселка Айтеке би

М.Бисенбаев

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.